



МҰРДАЗ- КАЗАЛЫ

№14
(2289)
Сенбі
22 ақпан
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ XX СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың XX сессиясы өтіп, күн тәртібінде 6 мәселе қаралды.

Облыс әкімі аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерге тоқталып, биылғы облыстық бюджетті алғашқы нақтылауға ұсыныс енгізді.

«28 қаңтарда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президентімізге Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық даму барысын баяндадым. Мемлекет басшысы атқарылған істерге оң бағасын беріп, жұмысты күшейтуді тапсырды. Былтыр өздеріңізбен бірлескен жұмыстардың нәтижесінде аймағымызда экономикалық өсім қамтамасыз етілді.

Осы жылды да оң нәтижелермен бастадық. Қаңтар айындағы макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім бар. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,1 пайызға, құрылыс



жұмыстары 67,2 пайызға, пайдалануға берілген тұрғын үйлер 18,9 пайызға, тартылған инвестициялар 9,8 пайызға, жалпы сауда 2,3 пайызға, байланыс қызметі 0,2 пайызға артты.

Өздеріңізге белгілі, мұнай өндіру көлемі жыл сайын азаюда. Биылғы қаңтар айында 262,6 мың тонна мұнай өндіріліп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11,1 пайызға төмендеді.

Мұнай-газ саласындағы осы тенденцияны ескере келе,

біз өңдеу өнеркәсібі мен аграрлық саланы жан-жақты дамытуға басымдық бердік. Экономиканы әртараптандыруда өткен жылы өңірімізде құны 37 млрд. теңге болатын 21 инвестициялық жоба жүзеге асырылды.

Биылғы 288 млрд. 600 млн. теңгенің 33 жаңа жобасы межеленген, мыңға жуық жұмыс орны құрылады. Жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 2024 жылы 92 пайызға жетті. Биыл 329 шақырым жол жөнделіп, көрсеткішті 95 пайыздан асырамыз.

Халықтың 98,6 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтылса, биыл бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткіземіз. Газбен қамту көрсеткіші қазір 78 пайыз, жыл аяғына дейін 82 пайыз болмақ.

2024 жылдың 9 желтоқсанында өздеріңізбен бірге 2025 жылға арналған облыстық бюджетті бекіттік. Бүгін алғашқы нақтылауға ұсынылуда.

2024 жылдың қортындысымен қалыптасқан бос қалдықтар, облыстық бюджеттік бағдарлама

әкімшілерінен оңтайландырылған қаражат жобаларды қаржыландыруға қайта бағытталуда. Ұсынылған жобалардың барлығы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге негізделген. Қолдауларыңызды сұраймыз», – деді Н.Нәлібаев.

Айта кету керек, соңғы жылдары облыс орталығын дамытуда, оның ішінде тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыруда көркейту, көгалдандыру, абаттандыру, мәдени орталықтар мен демалыс объектілерін салу қарқынды жүргізілуде. Бүгінде қаланың аудандардың архитектуралық-сәулеттік келбетін көркейтіп, тұрғындар мен қонақтар демалып, серуендеуге қолайлы жағдай жасау, туристік әлеуетін көтеру үшін саябақтар қайта жаңғыртылады деп жоспарлануда.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЖАЛАҢТӨС БАТЫР АУЛЫНДА МОБИЛЬДІ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТТІ

Партияның аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Қарашеңгел» ауылдық округінің орталығы Жалаңтөс батыр ауылында мобильді қоғамдық қабылдау өтті. Қабылдауға партия филиалының Атқарушы хатшысы Нұрғиса Жалғасбаев, аудандық мәслихат депутаттары: Әділбек Сарабеков пен Күншығар Әбілов, сондай-ақ құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты.

Ауылдық клубта өткен қабылдауға келген тұрғындар ең алдымен жайылымдық жер мәселесінің өзекті екенін айтты. Олар мал шаруашылығымен айналысатын тұрғындардың жайылымдық жердің тарылуы салдарынан малдарына қажетті азық таба алмай отырғандарын



жеткізді. Осы тұста нақты шараларды қабылдауды сұрады.

Тұрғындар жер мәселесімен

қатар, ауылға жеке учаскелік инспекторды бекітуді маңызды мәселе ретінде көтерді. Ауылдың

инфрақұрылымын жақсарту, жұмыспен қамту, әлеуметтік және денсаулық сақтау салаларына қатысты мәселелерін ашық айтып, тиісті жауапты органдардан кеңес сұрады. Сондай-ақ кәсіп бастауға ниетті азаматтарға «Ауыл аманаты» және басқа да мемлекеттік бағдарламалар жөнінде ақпарат берілді.

Осылайша, тұрғындар партия өкілдерінен талап-тілектері бойынша нақты шаралар қабылдауды сұрады. Өз кезегінде аманаттықтар өзекті мәселелерді оңтайлы шешу белгілі бір мерзімді қажет ететіндігін, тиісті мемлекеттік органдармен жұмыс жүргізілетінін және бақылауға алатындарын атап өтті.

СОТТЫҢ ХАБАРЛАУЛАРЫ МЕН ШАҚЫРУЛАРЫ



Іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар сот отырысының немесе жекелеген процестік әрекеттерді жасаудың уақыты мен орны туралы хабарландырылады және соттың шақыру қағаздарымен сотқа шақырылады.

Іске қатысатын адамдар, куәлар, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша хабарлама жіберу арқылы, сондай-ақ хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де электрондық байланыс құралдары пайдаланыла отырып хабарлануы немесе шақырылуы мүмкін.

Электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де электрондық байланыс құралдары туралы мәліметтер болмаған жағдайда, соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама белгілі болған соңғы тұрғылықты жері немесе тұрған жері бойынша жіберіледі.

Егер сотқа хабарланған мекенжай бойынша адам іс жүзінде

тұрмайтын болса, хабарлау немесе шақыру оның жұмыс орны бойынша жіберілуі мүмкін.

Іске қатысатын адамдар хабарланатын және шақырылатын адамдар сотқа келмеген істер бойынша сот талқылауының уақыты, күні мен орны туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

Хабарлаулар мен шақырулар хабарланатын немесе шақырылатын адамның сотқа уақтылы келуіне және іске дайындалуына жеткілікті мерзімі болатындай есеппен істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарылған күннен не сот талқылауы тағайындалған күннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

4. Тарапқа:

1) іске қатысатын тарап көрсеткен электрондық пошта мекенжайына;

2) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының электрондық сервистерінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

3) бір жыл ішінде тараптар арасында жасалған және даудың нысанасы болып табылатын шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

4) жеткізілгенін растайтын есепті алған кезде өзі сотқа ұсынған ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша;

5) егер мұндай хабарламаның келіп түспегені не кешірек түскені дәлелденбесе, хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де электрондық байланыс құралдары пайдаланыла отырып;

6) белгілі болған соңғы тұрғылықты жері немесе тұрған жері бойынша қағаз жеткізгіште жіберілген хабарлама тараптың тиісінше хабарландырылуы болып табылады.

**Еркебұлан АМАНГЕЛДІ,
Қазалы аудандық сотының
бас маман-сот
отырысының хатшысы**

АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТҚА ЕНГІЗУ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 қаулысымен 2017 жылғы 12 желтоқсанда «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Цифрлы технологияларды қолдана отырып, әр азаматтың тұрмысын жақсарту мен қолайлы өмір сүруін қамтамасыз етуде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының рөлі зор.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – орта мерзімді перспективада цифрлы технологияларды пайдалану арқылы республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан экономикасын болашақтың цифрлы экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму жолына көшіру үшін жағдай жасау. Техника қарыштап дамыған заманда архив саласы да өте жақсы қарқынмен дамып келеді.

«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қазалы аудандық архиві» филиалында архивтік құжаттарды цифрландыру 2013 жылдан бастап қолға алынды. Ол үшін арнайы штат ашылып ақпараттық технологиялар бойынша инспектор маманы жұмысқа алынды.

Архив қорында сақталған құжаттар – тарихтың қайнар бұлағы, сол себепті де тарихи сананы жаңғыртуда бұл құжаттардың алатын орны зор. Архивтік құжаттарды цифрландырудағы түпкі мақсаты да осы, яғни құжаттардың түпнұсқаларын бүлдірмей, сол қалпында сақтау. Өйткені архивтік құжаттарды сақтау және пайдалану ба-

рысында құжаттардың тозуы, мәтінінің жойылуы жиі кездеседі. Ақпараттың көптігінен қажетті құжатты қағаз жүзінде іздеп табу көп уақытты алады. Осы мәселелерді шешудің ең тиімді тәсілі – құжаттарды цифрлық форматқа көшіру және электронды архив құру.

Құжаттарды цифрлық форматқа өткізу үшін арнайы жылдамдығы жоғары сканер аппараттары да алынған. Қазіргі уақытта аудандық архивте жылдамдығы жоғары А4 форматында Epson WorkForce DS-860 және А3 форматында Canon imageFORMULA DR-M1060 маркалы сканерлермен жабдықталған. Жоспар бойынша бұл сканерлердің көмегімен күніне 650 парақ, жылына 141250 парақ өткізілуде.

Осы уақытқа дейін аудандық архивтегі 276 қордың 40 қорынан 18946-нан астам сақтау бірлігі, оның 1421757 парағы цифрлық форматқа өткізілді.

Бүгінде еліміздің барлық архивтерінде мемлекеттік сақтаудағы құжаттар цифрлық форматқа көшірілуде. Бұл дегеніміз цифрландыру жүйесінің архив саласында мамандарға уақыт үнемдеуге, құжаттарды сақтауға, сұраным берушілерге қолжетімділікті арттыруда тигізетін пайдасы зор.

**Қайрат ТОРЖЫМБАЕВ,
"Қызылорда облысының мемлекеттік архиві" КММ-нің «Қазалы аудандық архиві» филиалының Ақпараттық технологиялар жөніндегі инспекторы**

КӨКЖӨТЕЛДЕН САҚТАНАЙЫҚ !

Көкжөтел – жедел таралатын, көбінесе, 8 жасқа дейінгі балаларда болатын жұқпалы ауру. Қоздырғыш бактериялар науқас бала жөтелгенде оның демі мен қақырығы арқылы тарап, сау балаға жұғады. Бактериялар баланың тыныс ағзаларында өсіп-өнеді.

Жұғу жолдары. Көкжөтелдің жұғу көзі – науқас адамдар. Олар әсіресе аурудың бастапқы кезінде өте жұқтырғыш келеді. Көкжөтелдің кез келген түрі басқа адамдар үшін өте қауіпті. Әсіресе көкжөтел ұстамасы қысып, қатты жөтелген кезде сақтанған жөн. Өйткені қақырық бөлшектері 3 метрге дейін ұшады. Егер көкжөтелге тұрақты өмірлік иммунитеті қалыптаспаған болса, бұл сырқатпен кез келген жастағы адам ауыруы мүмкін.

Клиникалық белгілері. Жа-

сырын кезең 3 күннен 15 күнге дейін созылады (орта есеппен 5-8 күн). Ауру ағымы үш кезеңнен тұрады – жөтел, ұстама жөтел кезеңі және босату кезеңі. Жөтел кезеңде құрғақ жөтел, кейде тұмау болады. Дене қызуы жоғары немесе қалыпты. Бұл кезеңнің ерекшелігі – тұрақты қатты жөтел. Емге қарамастан, жөтел үнемі күшейе береді, тіпті шектеулі ұстамаға соқтыруы мүмкін. Бұл кезең 3-14 күнге созылады. Ұстама жөтел кезеңде жөтел ұстама сипатында болады. Ұстама кезінде қысқа жөтел арасында демді ішке тартқан сәтте ысқырық секілді дыбыс шығады. Ұстамадан кейін қою шырыш шығады, науқастың құсуы да мүмкін. Ұстама кезінде баланың беті қызарады, одан соң көгереді, мойнындағы тамырлар ісініп, көздері

қанталайды. Ырықсыз нәжіс немесе несеп бөлуі мүмкін. Тіл сыртқа шығып, көзден жас ағады. Босату кезеңінде жөтел ұстамасыз болады, 2-4 аптаға созылады. Аурудың орташа ұзақтығы 6 апта шамасында, бірақ одан да ұзақ болуы мүмкін. Көкжөтел қатты асқынған жағдайда пневмонияға ұласуы мүмкін.

Көкжөтелдің алдын алу. Бүгінгі таңда көкжөтелмен алдын алудың жалғыз және тиімді шарасы-міндетті вакцинация күнтізбесіне енгізілген иммундау болып табылады. Ол бала өмірінің бірінші жылында жасалады. Сондықтан ата-аналар үшін балаларын жұқпалы ауруларға қарсы уақытылы иммундау орынды шешім болып қала береді. Вакцинация аурудың белгілері жоқ (суық тию, дене қызуының көтерілуі),

дені сау балаларға ғана жасалады. Вакцинация жоспарлы түрде Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес, 2 айда 3 ай 4 ай 18 айда жүргізіледі. Екпе салдырған балалар арасында көкжөтелмен сырқаттану көрсеткіші өте төмен екенін айта кеткен жөн. Яғни, егілген балалар аталған індетпен сирек ауырады әрі жұқтырған күннің өзінде жеңіл түрде өтеді. Керісінше, егілмеген балалар арасында көкжөтел ауруын жұқтыру көрсеткіші жоғары. Сондай-ақ, олардың ауруы да созылып, ұзақ уақыт емдеуді қажет етеді. Мұндайға жол бермес үшін уақытында екпе алу керек.

**Саракүл МАТЫҒҰЛҚЫЗЫ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы**

ХАЛЫҚТЫҢ АЛҒАУСЫЗ АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНЕ БЕРІҢІЗДЕР

Қазақ «Дені саудың – жаны сау» деп бекер айтпаса керек. Адам баласы болған соң тіршілікте басың ауырып, балтырың сыздайды. Байқасам қазір аурудың түрі көп, ең өкініштісі аурудың жас талғамайтыны.

Жайшылықта анау-мынау ауруды елемейтін әйелімнің соңғы уақытта қан қысымы жиі мазалап жүрген еді. Өзі дәрі-дәрмегін баса ішіп, аса мән бермеген. Жақында жұбайымның кенеттен қан қысымы көтеріліп, аяқ астынан әбiгерге түстік. Жедел-жәрдем де уақытында жетіп, дер кезінде алғашқы дәрігерлік көмек көрсетті. Қабылдау бөлімінде дәрігерлер науқасты шұғыл қабылдап, өз міндеттеріне кірісіп кетті. Жұмыс аяғы болса да, аурухананың дәрігерлерін консилиумға шақырып, бар жағдайын жасап жатыр.

Өзара ойласудан соң дәрігерлер шұғыл ота жасалмаса болмайтынын айтты. Оған дейін бүкіл туыстар хабарланып, ауылдағылары ауруханаға келіп, сырттағы бауырларым телефонмен хабарласып, әйелімнің хал-жағдайына алаңдап жатыр.

«Аудандағы дәрігерлердің қолынан келмей, айырылып қалсам қайтем, басқа қалаға әкетсем бе» деген ой басым. Бірақ, дәрігерлер науқастың қазіргі жағдайында алыс жолды көтере алмайтынын

айтып тоқтатты. Санам сан саққа бөлініп, не болса да тәуекелге бел байлайын дедім.

Сонымен, сын сағатта әйелімнің жанын аман алып қалу үшін 4 жарым сағат ота жасалды. Алла қолдап, ақ халатты абзал жандардың адал көмегінің арқасында жұбайым өмірге қайта келді. Реанимация бөлімінде он күннен астам жатып, палатаға шығарылып, бізбен тілдесуге жағдайы келді.

Бастан кешкен жайттарды қазір айтуға оңай болғанымен, ешқандай адам баласына бермесін деп тілеймін. Бар білім-біліктерін салып, басқа жасалған отаны сәтімен өткізген ақ халатты абзал жандар «адам жанының арашасы» деген ардақты атауға әбден лайықты дер едім. Әсіресе, қиын отаға кірісіп, науқастың өмірі үшін күрескен дәрігер, аудандық аурухананың интервенциялық кардиологы Баспаев Кенесары Айтуғанұлының, отадан кейінгі жағдайын жасаған реанимация бөлімінің меңгерушісі Жиенбаев Асылбек Талғатбекұлының жасаған еңбектері Алладан қайтсын! Дәрігерлік міндеттері де шығар, бірақ аяқ астынан айтып келмейтін дертке душар болған жанға адал қызмет еткендеріне шын риза болдым.

Қызметін адал атқарып, халықтың алғысына бөленіп жүрген осындай жандардың аялы алақаны мен мейірімі, кәсіби біліктілігі, ақжарқын жүздері әр науқастың дертіне шипа сыйлайтыны сөзсіз. Әйелімнің жағдайы дұрысталып, көңілім орныққан соң осындай еңбектері өлшеусіз денсаулық жанашырларына шексіз алғысымды білдіріп, мұны көпшіліктің білгенін жөн көрдім.

«Шебердің инесі де, соққан күймесі де алтын» деген. Қай салада болсын өз ісін жетік білетін маманның жүзі ашық, абырой-беделі биік болар. Әр адам үшін денсаулық – бірінші байлық. Дәрігерлер сол байлықты сақтауға қолдан келгенше жәрдемдеседі, барын, жанын салады.

Сөзімді түйіндей келе, науқастардың еміне себепші, ауыр дертіне дер кезінде сапалы көмек, жақсы күтім жасаған барлық буындағы дәрігерлерге және осы жұмыстарға басшылық жасап отырған аудандық көпбейінді аурухананың бас дәрігері Алипов Қадірбек Раманқұлұлына шын ризашылығымды білдіремін. Алла кәсіптеріңізге береке берсін, халықтың алғаусыз алғысына бөлене беріңіздер!

М. ТЕМІРОВ,
Әйтеке би кентінің
тұрғыны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫНА 2024-2025 Ж ОҚУ ЖЫЛЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІ ОҚУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Жас жігіттердің басым бөлігін әскери қызмет қызықтыратыны белгілі. Олардың қатарында «өрт сөндіруші-құтқарушы» мамандығына қызығушылық танытып жатқандар аз емес. Бұл мамандық ең игілікті деп бекер айтылмаған, себебі өрт сөндіру, адамдарды құтқару нағыз ерлік. Қиын әрі аса қауіпті жұмыс болғанымен, көптеген ер-азаматтар осы мамандықты таңдауда.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы - еліміздегі құтқарушыларды дайындайтын жалғыз жоғары оқу орны болып табылады. Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша күндізгі оқу факультеті және сырттай оқу факультеті өрт қауіпсіздік бакалавр біліктілігі берілу арқылы жоғары кәсіпті мамандарды даярлайды. Азаматтық қорғау академиясы күндізгі оқу факультетіне оқуға түскен азаматтар әскери тәртіп (казарма) бойынша мемлекет есебінен тамақтанумен, шәкіртақымен қамтамасыз етіліп, жақсы жабдықталған жатақханада тұрады. Оқуды тәмамдаған соң, түлектерге мемлекеттік үлгідегі диплом беріліп, арнайы «азаматтық қорғау» лейтенанты атағы беріледі. Түлектер әрі қарай Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі органдарында және бөлімшелерінде қызметін жалғастыру үшін

жолдама алады. Академияның күндізгі оқу бөліміне Қазақстан Республикасының 25 жасқа дейінгі және оқу жылының басына дейін 17 жасқа толған, орта және жалпы орта білімі бар, әскери қызметке денсаулығы жарамды, оқуға түсерде емтиханды (физика және математика пәндерінен) жетістікпен тапсырған және сайыстан мүдәрмей өткен азаматтар қабылданады.

Академияда күндізгі оқу факультетінің оқу мерзімі 4 жыл. Бұл шұғыл әскер қызметке теңеледі. Академияның курсанттары республикалық, облыстық және қалалық спорттық, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады. Ұлы Отан соғысы және Ауған соғысы ардагерлеріне арналған әскери шерулерінің тұрақты қатысушылары қатарында.

Құрметті талапкерлер, еліміздің болашағы біздің қолымызда! Дұрыс таңдау жасаңыздар.

Ескертпе: Оқуға түсуші үміткерлер толық ақпаратты Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі №16 мекен-жайдағы Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінен немесе 8(72438)-22-1-51 байланыс телефонынан біле алады.

Шапағат ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімінің
бас маманы азаматтық
қорғау майоры

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ-БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС!

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашасында заңы қабылданып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп қатер мен сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу, кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттің органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарды қызметпен қамтамасыз етуге және білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағыттылған.

Сыбайлас жемқорлық кез келген елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына кері әсерін тигізеді. Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Бұл – қоғамдағы өзара сенімге, жалпы мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс. Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Соған сәйкес аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын» Қазақстан Республикасы Үкіметінің және аудан әкімдігінің қаулыларын басшылыққа алып, орындау мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Бөлім қызметкерлері қызметтерін орындауда сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіп, қызметкерлердің функционалдық міндеттерін атқару барысында «Мүдделер қақтығысын» болдырмау үшін түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде мемлекеттік қызметтерді көрсету электрондық түрде www.egov.kz, «Әлеуметтік көмек» ААЖ, «Е-Собес» ААЖ, «ИСЦОН» ААЖ арқылы жүзеге асырылады.

Осыған орай Қазақстан Республикасының Заңнамасында көрсетілгендей біз сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оның мүлдем қоғамымызда туындамауына септесуіміз қажет, тиісті деңгейде жұмыс атқарылуын қадағалауымыз керек.

«Қазалы ауданының
жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»
коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

ӨМІРЛІК ДОС СӘКЕҢ



Өмірлік дос Саймахан Көбесұлы құдам жайлы жазсам деп көп ойландым. Менің құдай қосқан құдамның ата-бабасы өмір бойы Қарақұм беткейін жайлағандықтан кіндік кескен жерден алыстамай кіші мал дәрігері болып жұмыс істеп, денсаулығына байланысты зейнетке ерте шыққан. Сәкеңнің азаматтық ой-өрісі, ақыл-парасаты өте жоғары деңгейдегі азамат. Оның адаммен қарым-қатынасы, кішіпейілдігі, адамды сыйлау қабілеті өте жоғарғы деңгейде еді. Оның айғағы Қарақұм жаққа жолаушылап шыққан ел ағалары Сәкеңе арнайылап ат басын бұрып барып, сәлем беріп, сыбағалы тамақтарынан дәм тататын болған. Біздің дос болып құда болғанымызға да отыз жылға жуықтапты. Сырлас дос болдық. «Құда» деп атамады. Інім, туысқаным деп атаушы еді. Кейінгі кездері сырлас, мұңдас, аға-іні, дос болдық. Өмірдің ауыр кезеңін бастан өткерді. Өмірінің жалғасы, баласы - Сабыржан кенеттен жолкөлік апатынан қайтыс болды. Сондай ауыр кезеңде де Сәкең сынбады, мойымады, батыр жүрекпен азамат көтере білді. Сабыржан десе сабырлы, жігерлі, алғыр. Шәкен аулындағы N134 орта мектептің қамын, абыройын ойлады. Оқушыларының Ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары бал алуына көмегін аямады. Оншақты оқушы балаларды аудан орталығына әкеліп оқытып, оқушылары жоғары ұпай жинаса балаша қуанатынын байқайтынмын. Сабыр өмірден кетті. Мектеп үлгерімі ауданда соңғы орында қалды. Сабыржанның азаматтық ойы, қабілеті Сәкеңе тартқан еді. Сәкең совхоздан қызметтен кететін жылдары совхоз басшылары Сәкеңді ең жауапты жерге жұмыс істеуге қоятын. Қой төлдету, қаракөл елтірісінің жоғарғы сорты алтынға айырба-

стайтын Сәкеңе сеніп тапсыратын. Маған деп айтып отыратын. Сәкеңнің жары Гүлжаһара Жұмахметова мектеп мұғалімі болып Шәкен мектебінде үлгілі педагог мұғалімі болды. Сабырлы, салмақты, ой-өрісі жоғарғы білімді, парасатты, өте сауатты педагог болды. Оны еске алу кешінде замандастары айтқаны мәлім болды. Отбасында аяулы ана, бес бала тәрбиелеп өсірді. Сабыржан, Эльмира, Жанымкүл педагог мұғалімі болды. Өнегелі отбасы бола білді. Шәкен аулының құрметті ақсақалы Сәкең туып-өскен аулының құрметті азаматы болды. Отбасына байланысты оны халық береді. Сәкеңнің өскен туған жерден ата-баба рухы жатқан жерден өсіп-өніп, өскен туған жерді қастерлек көпке үлгі алуға болады. Саймахан төбе

деп аталатын төбеге барып оған қойған белгі мәңгілік төбедей әдемі жер, төбешік, нұра, ойпат. Шөптің неше түрі өсетін ну жусан иісі аңқиды. Нағыз демалыс орнын таңдаған. Табиғаттың тылсым ауасы қандай әсем. Суретші ақынға таптырмайтын орын. Маған сондай әсер қалдырды. Өзі апарып көрсетті. Күнде ауылдастары еске алатын болады. Жас кезінде қарулы палуан болған. Сәкең айтады: Жылда совхоз той өткізеді жыл қорытындысы қой төлдеу әр жүз қойдан қанша төл алды. Шопандар сонда он жылдай палуан күрес болып тұрады. Атбәйге жарысы түрлі ойын-сауық өткізіледі. Жылдың үздік палуаны атандым дейтін. Өмір-өзен ағып бара жатыр. Сәкеңнің ой-өрісі, келешекті, болашақты ойлайтыны іспен дәлелдеп тұрады. Мен балдарыма өзім той жасаймын. Мұхтар Эльмира туған балдар менің балам дейтін. Өмір-ай жетпеді. Біз қазақтар адам бұл дүниеден кеткесін, жақсы жағын айта бастаймыз. Кезінде айтсақ болмай ма? Маған аға болып, туыспаса да туғандай сырын, мұңын арман-мақсаттарының орындалуын армандайтын. Келешек балдарының, қызының мінезін шалттығы ойланбай сөйлейтініне дейін айтып туа біткен мінез баланың мінезін тумамайды екен деп ой бөлісіп отыратын. Қарақұм «Шәкен» десе ойыма өмірлік дос болған аға Саймахан түседі. Көңілім сап тыйылады. Өмір шіркін осылай кете береміз. Іздейтін ұрпақтары бар құдайға шүкір ғой. Сәке, жатқан жерің жайлы болсын! Аға, өмірлік дос. Көрмегелі, сөйлеспегелі жыл болып қалыпты.

Молдабай АҚНИЯЗОВ,
ҚР Білім беру ісінің
құрметті қызметкері,
Қызылорда облысының
құрметті ардагері

САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН РЕТТЕУ – ЕУРОХАТТАМА

Бұл – өте қарапайым рәсім. Егер жолкөлік оқиғасы орын алса, ереже бойынша жүргізушілер жол полициясын шақырып, апат орнынан кетіп қалмай оның келуін күтуі тиіс. Алайда, егер ЖКО-ға тек екі көлік қатысып, адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілмесе, үшінші тұлғалардың мүлкі зардап шекпесе, апатқа қатысушыларда апатқа кім кінәлі, ал кім зардап шеккен деген келіспеушіліктер жоқ болса, және ең бастысы, екеуі де залал 100 АЕК-тен (2025 жылға 393 200 теңге) аспайтынына келісетін болса, Еурохатта-маны ресімдеуге болады.

Ол үшін ЖКО-ға қатысушылардың екеуі де ұялы телефондарына «Еурохаттама» қосымшасын жүктеп, тіркеу ресімінен өтіп, оқиғаның фотосуреттері мен бейнематериалдарын қоса беруі қажет. Фотосуреттер мен бейнефайлдарды сәтті жүктеп, декларацияны толтырғаннан кейін бұл құжаттар сақтандырушыға жіберіледі, содан кейін сақтандыру жағдайын тіркеу туралы Бірыңғай сақтандыру дерекқорынан СМС-хабарлама келіп түседі. Жәбірленушінің

СМС-хабарлама алуы оның өтемақы алуға өтінішін сақтандыру ұйымы қабылдағанын растау болып табылады.

Осыдан кейін ғана сіз автокөлікті апат орнынан алып кете аласыз, жол полициясына қоңырау шалу талап етілмейді.

Екіншке орай, интернетсіз «Еурохаттама» мобильдік қосымшасы арқылы сақтандыру жағдайын ресімдеу мүмкін емес. Ұялы телефонның болуы да міндетті талап болып табылады. Егер интернет немесе ұялы телефон болмаса, онда ЖКО-ны жол полициясына хабарласу арқылы стандартты түрде ресімдеу керек.

Бұл жағдайда кез келген электрондық қызметтер сияқты стандартты қағидат қолданылады. Мысалы, мемлекеттік көрсетілетін қызметті онлайн режимінде алу үшін интернет пен ұялы телефонның немесе компьютердің болуы міндетті. Егер онлайн жүгінуге мүмкіндік болмаса, тікелей көрсетілетін қызметті берушіге (мысалы, ХҚКО-ға) жүгінуге болады.

А.АРҒЫНҰЛЫ,
Қазалы аудандық соты
әкімшісінің
бас маманы

●Хабарландыру

2025 жылдың 26 ақпан күні сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі. Комиссия отырысының күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. Қазалы ауданы бойынша жер учаскелерінің нысаналы мақсатта пайдалану бағытында атқарылған жұмыстары туралы;

2. «Тасарық» ауылдық округінің кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы жұмыстары мен алдағы міндеттері туралы.

Сонымен бірге, сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXIV сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. «2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» аудандық мәслихаттың 2024 жылғы 23 желтоқсандағы №347 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

2. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудан әкімдігі жанындағы комиссияның құрамын бекіту туралы;

3. Қазалы ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2025 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

(Газетіміздің келесі саны 1 наурыз, сенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.